


Рынок продовольственной продукции



Сурет 1 - Ет бағытындағы мал шаруашылығының даму қарқыны

Осыған байланысты қылшық жүнді қойларды қарапайым өнеркәсіптік шағылыстыру арқылы алынған «сүтті» (6 айға дейінгі), әдеттегі (12 айға дейінгі) және будан қозыларын етті бағытта дайындаудың тиімді технологиясының етті қойлар өнімділігін арттыруда және қой еті мен қозы етінің жоғары сапалы өндірісін жоғарылату ісінде маңызы зор.

Қой малының өндірісін және сапасын арттыру жолдарының бірі – еттілігі және тез жетілуі бойынша сәйкес мал тұқымын өнеркәсіптік будандастыруды енгізу.

Англияның таулы өңірлерінде қой шаруашылығы, оның ішінде саулықты жетілдіру жүйелендірілген. Сонымен қатар, ауа райының суық кезеңдеріне бейімделген. Бұл жерде шағылыстыру барақ етті жүнді қойдың бордерлейстер деген тұқымымен жүзеге асырылады. Алғашқы буындағы қойларды кестіреді (тараттырады), жайылымда семірткен соң союға жібереді. Жетілген төлдерді болса, азықтандыру жүйесі толығымен қам-тылған фирмаларға сатады. Бұл жерде төл толығымен жетілген соң оларды қойдың тозығыр түрімен – оксфордшир, соутдоун және т.б будандастырады. Мұндай шағылыстыру негізінде пайда болған төлдер етке сойылады.

Өнеркәсіптік шағылыстыру әдісін шошқа және құс шаруашылығында қолдану тиімді және кеңінен қолданылып отыр. ТМД елдеріндегі қой шаруашылығында жоғары сапалы қой өнімін және кроссбред типтес жүнді алу алға қойылған.

Қазақстанда өнеркәсіптік шағылыстыру толығымен қолдау тапты. Дегенмен, өндірістің осы резервін қолдану технологиясы бағаланбай отыр.

Қылшық жүнді қой шаруашылығын жүргізуде өнеркәсіптік шағылыстыру мәселесі, сонымен қатар етке арналған қой еті дайындаудың тиімді технологиясы қажетті

деңгейде қарастырылмаған. Сондай-ақ қой төлі етінің өнімділігі мен сапасын анықтау туралы зерттеу жолдары әлі де жеткіліксіз.

Қой малының өндірісін арттыру үшін оның организмнің физиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, өсу және нәрлі заттарды дене-ге сіңіру мүмкіндігінің көрсеткіштері қолданылады. Сондықтан, малды толыққанды азықтандыру өнімділікті анықтау факторы болып табылады.

Қой малын азықтандыру деңгейінің оның ет өнімділігіне әсер ету мәселесі Л.Н.Кулешовтың, Н.П.Червинскидің, М.Ф.Ивановтың, И.В.Хадановичтің, А.В.Модяновтың еңбегінде және т.б зерттеулерде қолданылған.

Кеңес Одағы дәуірінде және шетелде жүргізілген көптеген зерттеулер және қолданылған өндірістік тәжірибелер көрсеткендей, қой шаруашылығында ет өнімін алуда жемге деген қажеттілік жүн өнімі өндірісіне қарағанда басымырақ болған.

Малды союға дайындауда оны азықтандырудың деңгейі мен түрі ет өнімінің санына ғана емес сапасына да әсер етеді. Бордақылау қарқындылығы артқан сайын салмақ өсімінің бірлігіне жұмсалатын жемшөп шығыны да кемиді.

Г.Окуличев және И.В.Хаданович ұсынған ғылыми зерттеу мәліметтерінде тәулігіне 60-80 г салмақ қосылса, онда 1 кг өсімінен 4,8 жем бірлігі жұмсалады, ал салмақ өсімі 100-125г болса, онда шығын 10 жем бірлігіне, ал 230 г – 6 жем бірлігіне азаяды. Егер рационға сәйкес 1 жем бірлігінде 84 г протеин болса, орташа тәуліктік салмақ өсімі 169 г құрайды, 180 г протеин 245 артық салмақ қосады.

К.И.Лободо айтқандай, өсіп келе жатқан мал төлінің латвиялық тұқымының рационында протеиннің жетіспеушілігі етінің сапасына әсер еткендігі байқалды. Бірақ К.И. Лободаның пікірінше, егер сою кезеңінің алдында


Рынок продовольственной продукции

2,3 ай бұрын мал рациондында протеинді жеткілікті қолданса, онда көрсеткіштер бойынша алшақтық білінбейді.

И.Г.Чавренконың пікірінше, биязы жүнді қойлардың ет өнімділігіне әсер ету үшін оларды сояр алдында «қара жер» қысқы жайылымында және қорада бағу керек делінді. Ал қысқы жайылымда бағылған ұрғашы қойлардың сою алдындағы салмағы 54,8 кг, ал қорада бағылған қой салмағы 47,5 кг болды. Сәйкесінше қой етінің салмағы 22,2

кг және 18 кг болды, ал ет коэффициенті - 3,86 және 2,92.

Қазақстанда етті-майлы қой өнімін алу үшін көптеген зерттеулер жүргізіліп, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп отыр. Азық-түлік нарығын зерттеуде союға тапсырылған мал арасында қой ірі қара малдан кейінгі екінші орынды алып отыр. Бұл қой етіне деген сұраныстың артып отырғандығын көрсетеді. Шаруа қожалықтарындағы мал мен құстың сойылу көлемі төмендегі 2- суретте берілген.



Сурет 2- Шаруа қожалықтарындағы мал мен құстың сойылу көлемі (тонна), 2016 ж.

Елімізде ҚР ҰҒА академигі Г.И.Сарбасовтың басшылығымен биязы жүнді, етті және т.б. қой тұқымының өніміне нәрлі заттарды және жем энергиясын жеткізу үдерістерін жетілдіру бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді.

Жас мал төлін асырау және семірту технологиясы Л.И.Цой және В.М.Тен еңбектерінде жазылған еді. Ал А.Баратова және З.Г.Онерельев, Ш.Н.Зорпуллаеваның зерттеу жұмыстары әр түрлі тұқымды қой төлінің өнімін протеин мен жем энергиясын енгізуге арналған еді. Қой малын толықтай нормамен азықтандыруға арналған түйіршіктелген, біріктірілген жем-шөп өндіру және қолдану бойынша зерттеу жұмыстарын Томмэ М.Ф жүргізді [3].

Жоғарыда айтылған әдебиеттер мазмұнында мал шаруашылығының шөлейтті жайылымды салаларының бірі ретінде етті-майлы қой шаруашылығында бұл өзекті мәселе әлі де игерілмегендігін көрсетеді. Сондықтан да жыл бойы жайылыммен қамтамасыз ете отырып экономикалық таза қой өнімін алу үшін буаз, қысыр және талапқа сәйкес сұрыпталмаған ұрғашы қойларды то-

лыққанды бағу және тиімді жолмен семірту-дің ғылыми-негізделген технологиясын жа-сақтау саланың маңызды мәселесі болып табылады. Қазақстанда ғалымдардың айту-ынша, етті мал шаруашылығын дамытуда: мал шаруашылығымен негізінен тұрақты жемдік базасы жоқ тұрғындардың айналы-сатыны, етті өткізу мен өңдеу өнеркәсібінің тиімді жүйесінің болмауы, сұраныстың көбеюі ет өнімдерінің өсімін ынталандырмайды, сонымен қатар жемге кеткен шығындар өнім бағасымен ақталмайды [4].

Соңғы кездері әлемнің азық-түлік нарығында пайда болған күрделі жағдайлар және оның кері әсері азық-түлік мәселелерінің өзектілігін арттырады. Бүгінгі күнде азық-түлік мәселесін қарастыру әлемдік экономикалық саясаттың басты шараларының бірі болып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігінің орын алатын қатерін бағалай отырып, дүние жүзі елдері, оның ішінде ҚР-да аграрлық саясатқа сәйкесінше түзетулер енгізіп, қайта қарастыруда [5].

Экономиканың дамуы барысында ет және оның өнімдеріне деген сұраныс қаракөл және жүнге деген қажеттіліктен артып отыр. Сондықтан да қалыптасқан нарық конъюнк-

Рынок продовольственной продукции

турасында қылшық жүнді қойлардың етінің өнімділігін арттыру тиімді болып саналады. Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы

мал мен құс санының артқанын 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы мал мен құс саны

	Қойлар			Олардан саулық қойлар		
	2016ж.	2015ж.	2016 ж. 2015 ж. пай- ызбен	2016ж.	2015ж.	2016 ж. 2015 ж. пай- ызбен
Қазақстан Республи- касы	15 688 315	15 535 302	101,0	9 194 378	8 909 751	103,2
Ақмола облысы	469 232	451 856	103,8	292 378	278 359	105,0
Ақтөбе қ.	906 903	874 216	103,7	561 099	538 256	104,2
Алматы облысы	2 852 083	2 763 306	103,2	1 491 046	1 480 085	100,7
Атырау қ.	433 188	429 246	100,9	282 389	275 578	102,5
Батыс Қазақстан	936 918	889 593	105,3	641 770	599 745	107,0
Жамбыл қ.	2 152 569	2 114 418	101,8	1 184 232	1 102 353	107,4
Қарағанды қ.	843 462	891 577	94,6	594 092	621 106	95,7
Қостанай қ.	337 922	325 625	103,8	194 592	186 908	104,1
Қызылорда қ.	399 094	388 780	102,7	239 396	223 298	107,2
Маңғыстау қ.	257 808	287 294	89,7	166 709	197 888	84,2
Оңтүстік Қазақстан	3 503 095	3 434 665	102,0	1 870 992	1 744 655	107,2
Павлодар қ.	496 794	477 038	104,1	308 207	296 000	104,1
Солтүстік Қазақстан	350 687	338 719	103,5	196 948	186 324	105,7
Шығыс Қазақстан	1 746 522	1 866 078	93,6	1 169 196	1 177 641	99,3
Астана қ.	882	952	92,6	367	454	80,8
Алматы қ.	1 156	1 939	59,6	965	1 101	87,6


Малды шағылыстыру және қарқынды түрде жайып семірту, сонымен қатар бордақылау арқылы қой еті өнімінің өндірісін арттыруға болады.

Қой етінің дәмдік және нәрлі құндылығы әр уақытта жоғары бағаланған. Қой еті ақуыз, амин қышқылы және минералды құрамының көлемі бойынша сиыр етінен кем емес, ал құнарлығы бойынша одан асып түседі. 1кг сиыр етінің құрамында – 1838 ккал болса, ал 1 кг қой етінде – 2256 ккал бар. Ал сиыр

етінен қой етінің басты ерекшелігі сол, онда холестериннің көлемі аз.

2015 ж. қой етінің орташа көтерме бағасы 1кг 1080 тг.-ден 1058 тг. дейін, яғни 2 пайызға арзандады. Ал маусым айында ет бағасы 1080 тг. дейін көтерілді.

Ал 2014 ж. тамыз айында баға 1101 тг. көтеріліп, жоғары бағаны көрсетті. Қой етінің орташа көтерме бағасының (тоннасына теңгемен) өзгерісін төмендегі 3-суреттен көруге болады.



Сурет 3 - Қой етінің орташа көтерме бағасы (тоннасына теңгемен)
2016 ж. салыстырғанда қой етінің бағасы 1-2% артқан

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1 Омбаев А.М. Современные тенденции развития аграрной науки казахстана в области животноводства//Известия НАН РК.-2013.-№ 6.-С.3-9.

2 Никитина Г.А. Проблемы и пути обеспечения продовольственной независимости Республики Казахстан // Проблемы агро-рынка. -2016.- №1.- С.15-22.

3 Методические рекомендации по изучению состава и питательности кормов СССР / Под ред. Томмэ М.Ф.– М.: ВИЖ, 1975.– 43 с.

4 Зарпуллаев Ш.Н. Интенсивная технология производства молочной ягнятины // Вестник с.-х. науки Казахстана. – Алматы.- 1996. - № 11. – С. 22-24.

5 Жангирова Р.Н. Проблемы устойчивого развития аграрной сферы Казахстана// Проблемы агро-рынка.-2015.-№4.-С.59-64.

6 Селионова М.И. Эффективное научное обеспечение производства продукции отечественного овцеводства и козоводства - достойный ответ на глобальные вызовы современности // Овцы, козы, шерстяное дело.-2015. -№1.- С.2-5.

7 Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Проблемы формирования экспортных ресурсов мясного животноводства в Казахстане //Проблемы агро-рынка. - 2016.-№3.-С.7-15.

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1 Ombaev A.M. Sovremennye tendencii razvitija agrarnoj nauki kazahstana v oblasti zhivotnovodstva//Izvestija NAN RK.-2013.-№ 6.-S.3-9.

2 Nikitina G.A. Problemy i puti obespechenija prodovol'stvennoj nezavisimosti Respubliki Kazahstan // Problemy agrorynka. -2016. - №1.- S.15-22.

3 Metodicheskie rekomendacii po izucheniju sostava i pitatel'nosti kormov SSSR / Pod red. Tommje M.F. – M.: VIZh, 1975. – 43 s.

4 Zarpullaev Sh.N. Intensivnaja tehnologija proizvodstva molochnoj jagnjatiny // Vestnik s.-h. nauki Kazahstana. – Almaty. - 1996. - № 11. – S. 22-24.

5 Zhangirova R.N. Problemy ustojchivogo razvitija agrarnoj sfery Kazahstana// Problemy agrorynka.-2015.-№4.-S.59-64.

6 Selionova M.I. Jeffektivnoe nauchnoe obespechenie proizvodstva produkcii otechestvennogo ovcevodstva i kozovodstva – dostojnyj otvet na global'nye vyzovy sovremennosti // Ovcy, kozy, sherstjanoe delo.-2015. -№1.-S.2-5.

7 Moldashev A.B., Nikitina G.A. Problemy formirovanija jeksportnyh resursov mjasnogo zhivotnovodstva v Kazahstane // Problemy agrorynka. - 2016.-№3.-S.7-15.

